

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойыншы
«Оқу-Әдістемелік орталығы»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Бастауыш сыныптарда
математикадан жүргізілетін
сыныптан тыс жұмыстар**

Бастауыш сыныптың математика пәніне арналған көмекші құрал

Ақтау -2024ж

«Мақұлданды»

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойыншы
«Оқу-Әдістемелік орталығы»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Хаттама № _____
« _____ » _____ 2024ж.

Құрастырған: «Н.Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беру мектеп»КММ
Бастауыш сынып мұғалімі Абишева Айгул Қуанышқызы.

«Ұсынылды»

Маңғыстау облысының білім басқармасының

Ақтау қаласы бойыншы

«Оқу-Әдістемелік орталығы»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Хаттама № _____

« _____ » _____ 2024ж.

Алғы сөз

Құралда бастауыш сынып оқушыларымен өткізілетін сыныпта сыныптан тыс жұмыстарға тоқталып оларды ұйымдастыру тәртібі келтірілген. Бұл еңбектің басты мақсаты математика пәні бойынша бастауыш мектеп оқушыларының математикалық оқу-тәрбие дәрежесін арттыратын тереңдететін сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстарды түсінеміз.

сабақтан тыс уақытта жұмыстарды жүргізу кезінде мұғалім оқушының талап-тілегін, қызығатын мәселелерін жан-жақты қамтуға мүмкіндік береді. Оқушыларды тапқырлыққа, ептілікке үйретеді. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, іс-әрекеті, амал-тәсілдері ой-сананың дамуына ықпал етеді, ал қарым-қатынастығы пайымдаулары өзіндік таны, түсінік, мінез-құлық, әдептерін бекітуге әсер етеді.

Математикадан үлгермеудің бір себебі- оқушылардың пәнге аз қызығатындығы. Сабаққа деген қызығуды мұғалім оны жүргізу үстінде тудырса, ал жүйелі түрде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар бұны одан әрі дамытуға себепші болады.

Сыныптан тыс жұмыс оқушылардың сабақта алған білімдері мен дағдылары негізінде ұйымдастырылады. сыныптан тыс жұмыс оқушыларды математикаға қызықтыру мақсатын көздеуі тиіс. Бұл көмекші құрал бастауыш мектеп оқушыларының математика пәнінен білімдерін жетілдіріп, ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттыру мақсатына құрылған.

Сыныптан тыс жұмыс түрлері

Математикалық жұмыс жауабына немесе оның тұжырымдалуына математикалық ұғымдар, символдар, терминдер енеді. Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін бірінші тәрбиелейді.

Оқушы қиялының дамуына елеуі әсер етеді.

Математикалық тақпақ мәнерлеп оқылады. Оны оқудың үлгісін мұғалімнің өзі көрсетеді. Тақпақ арқылы математиканың өмірден табатын орнын қоғамды дамытудағы рөлін сипаттаймыз. Кейде ол арқылы оқушының мінез-құлқын, оның кемшілігі мен жетістіктерін сынаймыз.

математикалық өлең есепте өлеңді жазу заңдылығын пайдалана отырып математикалық есеп құрастырылады. Онда не белгілі, белгісізі айтылады. Өлең есеп оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, математикалық заңдылықты байқауға, тыңдай білуге тәрбиелейді.

Логикалық есептер –кеңірек ойлануды қажет етеді. Есептің бұл түрі мұғалімнен де, оқушыдан да аңғарымпаз болуды қажет етеді.Логикалық есепті шешу қатаң дәлелге сүйенеді.

Мұндай есептер логикалық ойлауға,қиялдауға,ұстамдылыққа , еңбектене білуге тәрбиелейді.

Математикалық викторина –жарыстың түрі. Оны кеште, жиында,үйірме отырысында пайдалануға болады.

Ол сұрақ түрінде де, есеп түрінде де өткізіледі. Викторина түрлі мазмұнды материалды қамтиды. Викторинаға тұжырымдалуы қысқа, көп есептеуді талап етпейтін, ауызша шешуге ыңғайлы қарапайым есептер беріледі. Оқушы сұрақ қойып, сөйлеу мәдениетіне үйренеді.

Математикалық ойындар. Ойындардың оқу тәрбиелік сипаты тереңірек болады. Ойындар арқылы математикалық заңдылықты ашуға, зейін мен есті дамытуға, жігерлілікке, ұстамдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді.

Математикалық жұмбақтар

Егіз қайын,
Бой-бастары тең өскен.
Іске дайын
Бұтақтары бес-бестен. (Қос қол)
Үш шырпыдан бір есік
Құрастырып көп шешіп (П әрпі)

Жоқ өзінде бас та,
Қас та,
Мойын да,
Ұзындығы жазулы тұр бойында. (Сызғыш)
Алпыс төрт тең бөлмеде
Отыз екі тұрғын бар:
Ақ, қара қып бөлгенде
Бірін-бірі қуғандар.
Ханы үшін де, жаны үшін де
бермейді ойлар намысын. (Шахмат)
Жирыма төрт батыр,

Бірін-бірі жеп жатыр. (Дойбы)
Екі аяқты, бір ізді,
Үстіне адам мінгізді (Велосипед)
Мың найзалы жалғыз батыр,
Жауларына алғызбай тұр. (Кірпі)

Жүз төрт түйме,
Он бір ине. (Есеп шот)

Айқасқан екі таяқ,
Тұрады жоқты (Икс)
Қатар жазып саусақты,
Түйістір екі бармақты.
екі қолдың арасы,
Қандай әріп қарашы. (М)
Төрт әріптен тұрамын,
Түрлі сөзді құрамын.
Т-ны кесіп тастасан,
Биігірек жер болам.
Қайта ойлап қарасаң,
Сый құрметі-төр болам.
Жарты Т-дан бастасаң,
Лаулап жанған от болам.
Бұл қай сөз? (Төрт)
Төрт аяқты, бес табанды жануар
Іздесеңіз төрт түліктен табылар. (Түйе)

Адамға дос күшті,
Балық үш жүз тісті. (Дельфин)

Жүз балғасы бар ішінде,
Күйі, жыры, әні ішінде. (Рояль)

Мың тесігі бар,
Жалғыз «есігі» бар.
Айқайлап айтатындай,
Өзінің есімі бар.
Адамға арқа сүйеп
су сүзер кәсібі бар. (Ау)

Математикалық тақпақтар

«Екеу дегенше, бекем де»

Бірді бірге қосқанша,
Екеу болады.
Жалғызсырап жасқанбай,
Бекем болады.
Екі қолды қосқанда,
Құшақ емес па?
Екі қанат аспандап,
Ұшады емес пе?

Екі қанат аспандап,
Ұшады емес пе?
Тіркелсе екі дөңгелек,
Өзің тебетін
Велосипедің емес пе? (М.Әлімбаев)

«Кім қаншада?»

Салтанат екіде,
Бакытжан жетіде,
Екеуін қосып шыққаның
Сәулеттің жасын ұққаның.
Білгің келсе егер сен,
Сәулеттен үш жас шегерсең,
Қиын емес онша да
Сағаттың жасы соншада. (С.Әлімқұлов)

«Есеп»

-Бес алманың үшеуін
Досын сұрап алады.
Айтшы, сонда нешеуі
Өз қолында қалады?
-Сол досым сол алманың
Барін алсын!- деп салдым. (Қ.Мырзалиев)

«Бес»

Қарсы алғанда мамасы,
Мектебінен Қошайды,
«Бес» алған-ау шамасы,
Бес саусағы шошайды. (Т.Бердияров)

Математикалық өлең есеп

«Қосу»

Дүкеннен кеп сабын алдым,
Оның және қабын алдым.
Екі дәптер, бір қарындаш,
Тіс ысқышты тағы алдым.
Есептеші,
Сонда бәрі,
Қанша болды,
Қолда бары? (Жауабы: алтын)

Түйе, бота маң басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Шұнақ құлақ бес ешкі,
Қос лақты қос ешкі,
Төрт қозылы екі қой.
Бәрін бірге ойлап қой. (Жауаба Он жеті бас мал)

«Торғай нешеу?»

Талдан ұшты топ торғай,
Емес бірақ оның бастаушы,
Артында төртеу қостаушы
Және тағы қарасақ,
Қайта оны санасақ,
Соңында біреу қап келеді,
Алдында төртеу,топ келді.
Үшеуі қатар жарысқан,
Түзіліп үшеу қалыспан.
Ойың жүйрік болса егер,

Торғай нешеу, есепкер? (Жауабы: Бес торғай)

«Санамақ»

Бақшаға	Сегіз саулық,	
Жақсы аға	Тоғыз тауық,	
Көп-көп	Он торпақ.	
Ойыншық	Болма есепке сен	
Келді алып:	Шорқақ!	
Бір балық,	Ауызша,	
Кеі есек,	Жазбаша	
Үш үйрек,	Қосып шық.	
Төрт түлкі,	Бақшаға,	
Бес бүркіт,	Жақсы аға	
Алты арғымақ,	Қаншама	
Жеті жарқанат,	Әкелді ойыншық?	(Жауабы: 55 ойыншық)

«Бәрі қанша құс болды?»

Мынау да бір санамақ,
Өздерің көр саралап,
Төбедең төрт бөктергі,
Аңдыпты қос кептерді.
Шаңқылдаса көк қарға.
Үн қосыпты көк қарға.
Секем ап бір дауыстан,
Безектеп бес сауысқан
Алты белден асыпты,
Тым-тырақай қашыпты.
Үш үкі үркіп ұшыпты,
Тасқа құлап ту/ үсіпті.
Жарда жеті жапалақ
Отырғанда қаталап,
Топ-топ тоғыз тоқылдақ,
Қарғып кеткен топырлап.
Сөйтіп, қызық іс болды,
Бәрі қанша құс болды? (Жауабы: 31 құс)

Тапқырлықты талап ететін логикалық есептер

1. Бір торда үш қоян отыр еді. Үш оқушы оларды бір-бірден таратып алды. Сонда торда әлі де бір қоян қалып қойды. Ол қалай?

(Жауабы: Бір оқушы қоянды торымен алған)

2. Бір топ үйрек ұшып барады. Олар барлығы бесеу. Біреуі жерге қонса, нешеуі қалады? (Жауабы: Біреуі, өткені қалғандары ұшып кетеді)

3. Рауан мен Ержан кітап дүкеніне кіріп, кітап қарады. «әзіл» есеп кітабы сатып алғысы келген Ержан Рауаннан бір тиын сұрады. Рауан бұл кітапты сатып алуға

оның он тоғыз тиыны жетпей тұрғанын айтты. Олар екеуіндегі ақшаларын қосса да бұл кітапты сатып ала алмайтынын біледі. Сонда кітап неше тиын тұрады? Олардың

(Жауабы: 19 тиын, Ержанның 18 тиыны, Рауанның 0 тиыны болған)

4. Үйдің әрбір бұрышында бір-бір мысық отыр. Әрқайсысына үш мысық қарсы отыр. Үйде барлығы неше мысық отыр?

(Жауабы: төрт, сурет арқылы түсіндіріледі)

5. Қандай сан барлық санға қалдықсыз бөлінеді?

(Жауабы: Нөл)

6. Көшедегі өткелді жолақтап ақпен бояп қояды. Егер олардың арасында 30 боялмаған жолақ болса, ақ жолақтар саны қанша болғаны?

(Жауабы: Отыз бір)

7. Екі жарым килограмм ет екі жарым сағатта піссе, жарты килограмм ет неше сағатта піседі?

(Жауабы: Екі жарым сағат)

8. Ер баланың ағалары жоқ, ал оның қарындасының сіңлісі қанша болса, сонша ағасы бар. Осы жанұяда неше ұл, неше қыз бала бар?

(Жауабы: 1 ұл, 2 қыз)

9. Екі әкесі мен екі баласы үш алманы бір-бірден бөліп жесе, олар қалай бөліскені? (Жауабы: Әкенің баласы және оның баласы болғаны. Сонда не бары үш адам. Олардың үш алманы бір-бірден бөлісуіне болады.)

10. Шаршы тәрізді алаңның төрт бұрышының әрқайсысында бір-бір ағаш өсіп тұр. Ағашты кеспей, алаңды қалай кеңейтуге болады?

(Жауабы: Суретте берілген)



11. Бір адамның 14 түйесі бар екен, сонын үшеуінен басқасының бәрі өліп қалыпты. Қаншасы қалды?

(Жауабы: Үшеу)

12. Әдетте адамның қанша туған күні бар?

(Жауабы: Біреу)

13. Егіс даласында 30 қарға қонақта отырды. Фермер соның екеуін атып түсті. Далада қанша қарға қалды?

(Жауабы: Екі)

14. Бір адам дөңгелек саябақтың маңында тұрады. Саябақты сағат тілінің бағытымен айналу үшін оған 80 минут уақыт керек, ал енді ол саябақты сағат тілінің бағытына қарсы айналып өтетін болса, 1 сағат 20 минут уақыт жұмсайды екен. Неге?

(Жауабы: 80 минут = 1 сағат 20 минут)

15. Сенің қалтаңда үш кәмпит болды және сен әр жарты сағат сайын бір кәмпиттен жедің. Барлық кәмпитті жеп тауысуын үшін қанша уақыт керек болады?


(Жауабы: 1 сағат 30 минут)

16. 50 қандай санды екіге тең бөледі?

(Жауабы: Жүз)


17. 8,5 және 3 литрлік бидон бар. 8 литрлік бидоннан 6 литр сүтті қалай құйып алуға болады?

(Жауабы: Суретте берілген)



18. Суретте неше бұрыш көрсетілген?

(Жауабы: Сегіз)



19. Цифрларды қозғап дұрыс теңдік шығар:

а) $83-17=21$

б) $13+2=33$

Жауабы: а) $83-71=12$

б) $31+2=33$

20. Фокус деген 5 сөзден 7 рет фокус сөзі шығатындай етіп жаз.

~~Ф~~ ~~О~~ ~~К~~ ~~У~~ ~~С~~ Жауабы: Фокус деген сөзді бірінің астына бірін 5 рет жазып,

~~Ф~~ ~~О~~ ~~К~~ ~~У~~ ~~С~~

қиғаштап оқысақ, тағ 2 рет фокус деп

оқитын боламыз.

~~Ф~~ ~~О~~ ~~К~~ ~~У~~ ~~С~~

Сонда небары ол 7 сөз болады.

~~Ф~~ ~~О~~ ~~К~~ ~~У~~ ~~С~~

~~Ф~~ ~~О~~ ~~К~~ ~~У~~ ~~С~~

Математикалық викториналар.

1. Қосындысы мен көбейтіндісі бірдей болатын сандарды табындар.

(Жауабы: $2*2=2+2$, $1*2*3=1+2+3$)

2. Жұлдызшаның орнына қандай сандар тұр.

$****-****=1$

(Жауабы: $1000-999=1$)

3. Сегіздікпен 1000. Тек қосу таңбасын пайдаланып сегіз сегіздіктен 1000-ды құрастыру керек.

(Жауабы: $888+88+8+8+8=1000$)

4. Жеті туыстың бір-бірден қарындасы бар. Олар барлығы нешеу?

(Жауабы: 7 ағасы, 1 қарындасы бар. Барлығы 8 туыс.)

5. Әр машина 5 тонна жүк көтерсе, 20 тонна 200кг жүкті тасу үшін неше машина керек?

(Жауабы: 5 машина, себебі 4 машинаға жүк сыймайды.)

6. Үш пар ат 30км шапса, әр ат неше км шабады.

(Жауабы: Отыз)

Математикалық жаңылытпаш

1. Жоғалды 5 шыбыш,

Жоқ әлі еш сыбыс,

Жоқ әлі еш сыбыс,

Жоғалды бес шыбыш.

2. Ұшы үшкір ұшқыр үш жебе алдым,

- Үшеуі де үшкір, ұшқыр деп алдым.
- 3.Есет ағам ет асатар.
Ет асатса бес асатар.
- 4.Қырық үш қызғыш құсқа,
Қырық үш қызғыш құс қосса,
Қанша қызғыш құс болады?
5. Ұшып кетті үш құс,
Ұшып келді ұшқыш.
6. Көп қорқақ торпаққа,
Төрт бақ торпақ қосылды ма.
7. Төрт өрт сөндіруші,
Төрт өрт сөндіргішпен
Төрт өрт сөндірді.
- 8.Қойларды қырықтағы қырық
Қырықтышы қырықты.
9. Үш тұсақ сатшы дегенімді, үш ұшқыш үш құс ақ сатшы деп түсініпті.
- 10.Күсек сақ үш ақ тұсақты ұстапты, үш ақ аииы тұсапты.
11. Күшті жүзгіш құс, үш жүз қызғыш құс ұшты,-деді.
- 12.Оған сіз түссіз жүз сызғышты,
Біз үш жүз қызғыш құсты апарамыз.
13. Қамшымен осқан Үсештен
Іші өскен үш ешкі өшін алды.

Санмен ойындар

1. Жүз ойыны. Ойын ережесі . Ойынды екі оқушы кезектесіп ойнайды. Біріншісі 1-ден 10-ға дейінгі бір санды атайды. Екіншісі оған 10-нан аспайтын бір санды қосады да, қосындыны айтады. Біріншісі оған 1-ден 10-ға дейінгі бір санды қосып, қосындысын атайды. Осылай кезекпе кезек ойнау арқылы, кім 100-ді бұрын атаса, сол ойынды ұтып шығады.
- Методикалық нұсқау. Әуелі ойынды кезектесіп 2-3 пар оқушы ойнайды. Одан әрі мұғалім бірінші оқушы қарсыласып ұту үшін алғашқыда қандай санды атауы керек еді? деген сұраққа тірейді.
- Оқушыларды ойландырады. Жауапты мұғалім төмендегіше түсіндіру арқылы береді.
- Ұтыс сыры. Оны ойынның соңғы кезеңін талдау ашады. Бірінші оқушы қарсыласын ұту үшін соңғы жүрісінің алдында $89 = 100 - (10 + 1)$ жүрісін жасауы тиіс, өйткені екінші ойыншы енді 100-ді бір жүріс арқылы шығара алмайды. Бірінші ойыншы бұрын $89 - (10 + 1) = 78$ санын атайды. Осылай талдау барысында бірінші ойыншы үшін ұтудың тиімді сандары табылады. Олар: 100, 89, 78, 67, 56, 45, 34, 23, 12 және 1. Бұл сандарға зер салып қарасақ олар бірінен бірі 11-ге артық. Бұдан бірінші ойыншы 1-ді атайтындығы көрінеді. Ол екінші ойыншыны 12, 23, 34.... сандарына дейін толықтырып отырады. Мысалы, екінші ойыншы нәтижесі 7 болса, бірінші ойыншы оны 12-ге дейін толтыруы үшін 5-ті қосу тиіс. Бірінші ойыншы бұдан басқа сандарды атаса, екінші ойыншы жүрісті ұтуына болады. Ол үшін екінші ойыншы жоғарыда аталған сандарға толтыруы тиіс. Ұтыс әдісін үйренгеннен кейін де жаттықтырулар жүргізіледі.
- Оқу тәрбиелік сипаты.** Талдау мен салыстыру арқылы оқушыларды қортынды шығаруға, есін дамытуға тәрбиелейді.

2. 18 таяқша ойыны. Ойын ережесі. Ойынды екі оқушы ойнайды. 18 таяқша үймесінен кезекпе-кезек 1,2,3 және 4 таяқша алуға болады. Әркі қанша таяқша алатынын өзі біледі.

Соңғы таяқшаны кім алса, сол ұтады. Қалай жеңімпаз атануға болады. Ойлан.

Нұсқау. алдыңғы ойындағыдай талдау арқылы қарсыласында 5 таяқша қалатындай жағдайға келтіруі керек.

Сонда соңғы таяқшаны өзін аласын.

Оқу тәрбиелік сипаты. Талдау, салыстыру арқылы ой қортындысын жасауға үйренеді.

3. Ойын өшірілген цифр ойыны.

Ойын ережесі. Алдымен 1-ден 9-ға дейін цифр жазылған таблица жасап алу керек.

Ойынға бірнеше бала қатыса алады. Ойынды бірінші бастаушы дауыстап таблицадағы әрбір цифрды ретінен көрсетіп, 11-ге дейін санауы тиіс. Санақ басталатын цифрды басқарушы айтады. Таблицада барлығы 9 цифр болғандықтан ал санау 11-ге дейін жүргізілетіндіктен, ойнаушы таблицаның соңғы 9 деген цифрына жеткеннен соң, таблицадағы бірінші тұрған цифрдан бастап, санауды жалғастырады. Айталық, басқарушы 4 цифрын көрсетсе, онда ойнаушы 11-ге дейін санап, 5 цифрына дейін келеді. Бұл 5 цифры таблицадан ойша өшірілді деген сөз. Оны ешкім ұмытпауы тиіс. Оны 11-ге дейін санау қатардағы келесі цифрдан (6-дан) басталады, бірақ өшірілген цифр санаққа қосылмай, одан аттап өтіледі.

Санауда мұны ескермегендер ойыннан шығарылады.

Екінші айналымда екі цифр өшірілетін болады. Ойын өшірілмеген бір цифр қалғанша жалғастырады. Ойыншыға таблицада белгі қоюға болмайды, ондай белгіні тек басқарушы жасайды. Басқарушы да әрбір ойыншыға арналған бақылау таблицасы болады. Кім өшірілген цифрды көп аттаса, сол жеңімпаз аталады. Оны басқарушы айтады.

Оқу- тәрбиелік сипаты. Ойын зейін мен есті тәрбиелеуге көмектеседі.

4. Екі санды өзара көбейту. Әдісті бір орынды екі санды өзара көбейту үшін қолдануға болады. Бірақ санды өз-өзіне көбейтуге болмайды. $7 \cdot 8$ -ді түсіндірейік. Көбейткіштерден әрқашанда 5-ті азайтамыз. Сонда қалдық 2 және 3 болады. Солдан оңға қарай қолдан 2 саусақты, ал екінші қолдан 3 саусақты бүгеміз. Бүгілген саусақты қоса есептегенде сол жағы ондықты, ал оң жағы бірлікті көрсетеді. Бірліктерді өзара көбейтіп ондықтарға қосамыз. Сонда.

$$\begin{array}{ll} 20+30=50 & 3 \cdot 2=6 \\ 50+6=56 & 7 \cdot 8=56. \end{array}$$

Сан өлеңдер

Жерге қ10ды к2лік
Қуанды 1жан с2ріп

Сөздің қыр с2ріп
Қылтиды гүл тө5сі.

Тұмау боп Бек т3кірді,
Тәуіп келіп 3кірді.

6н кетті с1лге
4кен кетті кү1ге.
1те-1те 7лем деп,
Ойнасайшы 7ген көп.

Демалып 1аз алдын ба,
Тө8 кілем шалғынға .

Қолға ұстап 40тық,
40 қойды 40тық.

С10андайдан к3ігін,
Танып келді 3інім.

Бұрқытқан тем2,
Б2ш қандай дөр2.

Күн ауғанша 1 5ін,
Бұл от сөн5ін.

2нді де б2реге,
Тойған к3ік к2ре ме?

Желмаяның ж50і,
Бабына әбден к50і.

Жел90да 90 бітеді.
Ақшасын Досқан күтеді.

Сыздады ма б6рын
К3 түсірмей ал,тыным.

Уақыт 2нді,
Жауынгерлер б2нді.

200ді болама,
Сбңды сен қолда.

300 көтерген тө5іне,
Қол соғалық кө5інге.

Бұл қошқар 105е 105ін,
Қой ешкіні сүз5ін.

Ж6райды 100ігім,
Таңырқадық біз бүгін .
3 қойым 3ен тапты,
Зеуін 1 Үсен бақты.

Теңізінде Б6қтың,
100ді екен м6п кім?

Айналып 4күлді,
Қ6рап кқрт жүрді.

Шаншылған 1 таяққа,
Жабысқан 40 аяқ па?

Төбелік ббақан,
Мәз болсын Б6н апам.

Б2бай ұстаға ,
Дайын ба т3пара?

Айтшы к6бек енді жұмыс жайында,
М3айраға көрн2лік дайын ба?

Әруақтар же5ін
Ертең 4те келесің.

5ікте өз ілмейді,
7м бала күлейді.

Осы бала келді,
Жәл көрген селді

1000ғыртып мал айдап,
Жы1000дап тұр Байтақ.

Жарық қылып та1000ды,
Жағып қой 1 ша1000ды.

6н күн сөн5ін,
Қара бұлт төн5ін.

Шығармастан ды1000ды,
Тастап кет сен сы1000ды.

Таста ұлым шылы1000ды
Жіберіп қой бұры1000ды.

Санамақ

Бірінші тоқсан – желім жасадым,
Екінші тоқсан- темір қашадым.
Үшінші тоқсан -малдарды бақтым,
Төртінші тоқсан аңдарды аттым.

Арасандағы Асаға келдім,
Шалғы, орағымды Хасанға бердім.

Досан досым кеп сандығымды ашты,
Сананы түртіп таң нұрын шашты.
Жусанды дала,бусанды қара,
Жасанып гүлмен тұр таңғы қала.

Сандаған адам жұмықа шықты,
Орасан еңбек ырыс тасытты.

Домбыра алып «Баламайсанды»,
Тамсанып елді Санабай шалды.

Әр жолға жіті қарандаршы,
Қанша «сан» болды санаңыздаршы?
* * *

Таң атпай үйге Саламат келді,
Азамат,Азат, Қанағат келді.

Атаммен аттас Атабек келді,
Бәйгеге аттар қатар ерттелді.

Шаңдатты аттар қыраттар кең-ді,
Ақындар жатқа жыр ақтарды енді.

Шаттанды әртіс күй есіп тәтті,
Палуандар да күресіп жатты.

Атақты сазгер Самат ән шырқап,
Демеуші болды қаладан Нұрхат.

Егіз сәбилер Қымбат пен Сымбат,
Өнерпаз болды шеберлік шыңдап.

Батыл бол, -дедік Батан қалыспа!
Басталып кетті атан жарыс та.
Ал, қырат жақта өтті « Алтын қабақ»,
Жеңімпаздары-Атанқұл, Таңат.
Қызықтар күн батқанша болады,
Санаңыздаршы «ат» қанша болды?!

* * *

Аман-есен келдің бе,
Кесенеге Сәрсенім.
Айтқаныма сендің бе,
Шырқашы сен әнші едің.

Хасен, Арсен, Бейсендер,
Сенбілікке шығыпты.
Үсенді алып келсеңдер,
Ол шақырар Үмітті.

Жұмыстан соң белсенді,
Тазаланып көшеміз.
Кесенеге Сәрсенбі,
Алып кепті төсеніш.

Сенбі күні жұмылып,
Сенбілікке баралық.
Ал, балалар, бірігіп,
Сеннің бәрін саналық.

Биік төбе басында,
Малын санап тұрды Асқар.
Төрт ешкінің қасында,
Екі өгізбен бір қошқар.
Білу үшін анығын,
Біз де жақын баралық.
Оның барлық малының
Мүйіздерін саналық.

* * *

Бүгін де кешке Ораз,
Үш ешкі, бес қораз,
Жүргенде жайылып,
Келген-ді қайырып.
Деді оған мамасы:
-Қанша екен шамасы?

Белгілі қарасы,
Сақалын санашы.

* * *

Міне аялдамаға
Автобус кеп кідірді.
Барамыз – деп қалаға,

Қайта мінді екеуі.
Анықтап дәл санадым,
Түсіп қалды бесеуі.
Барлығы он бес баланың
Айтшы қалды нешеуі?

* * *

Төрт түйем бар-кілең нар,
Құлыны мен бием бар.
Деді әжем Айсындар:
-Математик қайсың бар?
Сөзімді ұйып тыңдаған,
Туса ұрғашы жылма-жыл.
Есептегін осыны
Қанша үш жылда өсімі бар?

Ойнап жатыр ансамбль,
Дирижері Маржангул.
Қарап шықтым шетінен
Қос шертер, бір жетіген.
Үш домбыра, үш бар қобыз,
Төрт шіңкілдек, шаңқобыз.
Ал, қанеки саналық,
Қанша ішек бар бәрінде
Тез арада табалық.
Зәкір атам оятып таңда бізді
Он минуттай күйлеттік шаңқобызды.
Он бес минут ойнадық, шертерді алып,
Ұйқысынан оянды жұрт таң қалып.

Бір бес минут әнінді салып тұрдық,
Бір бес минут даңғыра қағып тұрдық.

Бұл өнерді көрермен азсынбай ма,
Он минуттан ойнадық сазсырнайда.

Мінеки бес минутта ән сап болдық,
Есепте, қанша уақыт концерт қойдық?

Дидактикалық ойындар

Математикалық телефон

Дидактикалық мақсаты: 20 көлемдегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: Ойыншық телефон, картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы (2,3 данадан)

Мазмұны: Бұл ойында мұғаліммен сынып толығымен болып, екі оқушы өзара немесе бір оқушы мен сынып болып ойнайды. Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендері сияқты екі бала бір-бірімен математикалық тапсырмалар беріп, жауабын алады. Ойынға қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады.

Бір бала сұрақ қояды, ал екінші бала жауап береді. Жауап бере алмаса, орнына отырады да, ойынды басқа бала жаластырады. Осылайша тездетте отырып, бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады.

Тапсырмаларды түрлендіріп, күрделендіріп, жалғастырып ойнай беруге болады.

Бұзық телефон ойыны

Дидактикалық мақсаты: Балалардың ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру.

Керекті құралдар: Ойыншық телефон, карточкалар, кесте.

Мазмұны: Сыныптағы балалар парта қатары бойынша жарыса орындайды. Мұғалім әр қатардан 1 не 2 балаға өзі дайындаған санды ешкімге көрсетпей қолына береді немесе құлағына сыбырлап айтады да, 3 қатарға 3 кесте (немесе сыбырлап айтқан санын өзгертсе де болады) дайындап тақтаға іледі. Балалар кестедегі санды таңбасына қарап, өздері білетін санға іштей қосып, екінші балаға сыбырлап айтады, ол екінші амалды орындап, үшінші балаға....т.с.с жалғасады. Ең соңғы бала нәтижені тақтаға жазады. Нәтижесі дұрыс болса, мұғалім ол команданың жеңімпазы болғанын айтып құттықтайды.

Осы кезде жасырып айтқан сандарын бірінші бала ашық айтып, мысалды тексеруіне болады.

Телефон қай баладан бастап бұзылса, сол жерден бастап, мысал дұрыс орындалмайды. Жауабы дұрыс болмаса, мұғалім әр баладан «құпия» түрде жауаптарын жеке айтқызып тексеруіне болады.

«Жамбы» ату

Дидактикалық мақсат: Балаларды өз бетінше жұмыс істеуге жаттықтыру.

Есеп-мысалдарды тез, дұрыс орындауға баулу. Есептеу дағдыларын қалыптастыру.

Керекті құралдар: Үлкен дөңгелек, карточкалар, енстелер, ойыншық жебе, кішкене доп.

Мазмұны: Тақтаға үлкен дөңгелек ілінеді. Дөңгелектің іші үш немесе төрт шеңберге бөлінеді. Әр шеңберде 1, 2, 3 сандары жазылады.

Бала қолына ойыншық жебені алып, көздеп тигізеді немесе белгілі қашықтықта кішкентай доппен дәлдеп тигізеді. Қандай санға тисе сондай нөмірлі карточканы алып, ішіндегі тапсырманы орындайды. Әр тапсырма 1 ұпай, карточкада 2 немесе тапсырмадан болады. Кім көп ұпай жинаса, сол ұтқан болып саналады.

«Балапандарды құтқару»

Дидактикалық мақсаты: Өтілген материалдарды пысықтау, жаттығулар орындай отырып, жарыса есептеу.

Керекті құралдар: Тауықтың және он шақты балапанның суреттері. Есеп-мысалдар жазылған карточкалар, түлкінің суреттері.

Мазмұны: Сыныптағы бүгінгі сабақ бастан аяғына дейін осы ойынға арналады. Мұғалім жайма-шуақ ашық күнде балапандарымен қыдырып жүрген тауықты магнитті тақтадан көрсетеді. Бір уақытта тауық аңдамай тұрғанда балапандарын түлкі ұрлап алып кетеді (мұғалім балапандардың суретін жасыра қояды). Енді балалар тауыққа көмектесуге кіріседі. Қу түлкі Тапқышбектен үлкен пакет беріп жібереді. Ішінде хат бар, неше балапан болса сонша тапсырма бар екен. Осыларды орындаса бір-бірлеп жемей қоя береді. Ал шығара алмаса, балапан түлкіге жем болады.

Осылайша 1, 2, ..., 10-тапсырмаларды орындап үлгерсе барлығын құтқарады.

«Орамал тастау»

Дидактикалық мақсаты: Теңдеу шешуге, әріпті өрнектердің мәнін табуға арналған. (Ең қарапайым, жеңіл түрі алынады)

Керекті құралдар: Орамал.

Мазмұны: Сыныптағы оқушылар екі топқа бөлінеді де, бір-біріне қарама-қарсы тұрады немесе отырады. (Арасы 5-6 метр, 10 метр болуы керек.) Жүргізуші қолындағы орамалды 1-топтың шеткі ойыншысына береді. Ол ойыншы қарсыласына теңдеу немесе әріпті өрнек жасырады. ($x+8=12$). Белгісіз қандай санға 8-ді қосқанда 12 саны шығады.

Қарсы топтағы бала орамалды қағып алып, жауабын айтады.

Егер жауабы дұрыс болмаса, өнер көрсетіп орнына отырады немесе ойыннан шығып кетеді де, бақылаушы болып отырады. Егер дұрыс жауап берсе, ойынды әрі қарай жалғастырады: $a-4=7$.

Қай санды 4-ке азайтқанда 7 саны қалады? (жауап береді)

Жауапты тек қана орамалды ұстаған аты аталған бала ғана айтады.

Күрделендіріп мұғалім өз қалауынша келесі сабақтарда қолдана беруіне болады.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

1. Дека грек сөзі. Мағынасы 10.

2. Санти латын сөзі. Ол жүз дегенді білдіреді.

3. Нашар жабылған краннан минутына 110 тамшы, 1 сағатта 600 грамм, ал күніне 14,4 литр су ағады. Мектепте 30 кран осылай дұрыс жабылмаса, онда күніне

- 432 литр су босқа төгіледі.
4. Инелік сағатына 100-150 км ұша алады.
5. Ара салмағы 0,2граммнан кішкене көбірек.
6. Ең ұшқыш құстардың бірі-шымшық. Ол жайшылықта сағатына 70-80км алады. Самғап кетсе, сағатына 300км алады.
7. Тез көбейту.
- $$37 \cdot 3 = 111$$
- $$37 \cdot 6 = 222$$
- $$37 \cdot 9 = 333$$
- $$37 \cdot 12 = 444$$

Мысалдарды жалғастыр да, неліктен осылай екенін жауап бер.

(Жауабы: $37 \cdot 3 = 111$, $37 \cdot 6 = 222$, $(3+3) = 111+111 = 222$. Әрбір келесі сан алдыңғы санды 111-ге арттырғанға тең)

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	1
Сыныптан тыс жұмыс түрлері.....	2
Математикалық жұмбақтар.....	3
Математикалық тақпақтар.....	5
Математикалық өлең есептер.....	6
Тапқырлықты талап ететін логикалық есептер.....	8
Математикалық викториналар.....	11
Математикалық жаңылтпаш.....	12
Санмен ойындар.....	13
Сан өлеңдер.....	15
Санамақ.....	18
Дидактикалық ойындар.....	22
Сен білесің бе?.....	24

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Бастауыш мектеп» журналдары
2. «Жас ғалым» журналдары.
3. «Айгөлек» журналдары

4. Математика оқулығы,1-3 сынып

5. «Қызықты математика»кітабы